6D020700 – Аударма ісі мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Жапарова Асемжан Жапарқызының
«Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау» атты диссертациясы туралы
П і к і р

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдар-ламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Гуманитарлық ғылымның бірнеше аспектісін қамтитын күрделі тақырыпқа арналған зерттеу әдебиеттану, аударматану және тіл білімі салаларының түйінді мәселелерін тереңірек талдауы, тұжырымдар мен ұсыныстар қалыптастыру жағынан өзекті болып табылады. Жұмыстың тақырыбы мен мазмұны қазіргі Қазақ елінде Ұлы дала тұлғаларын танып-білуге және танытуға, ұлттың ойсанасын рухани жаңғыртуға, Мәңгілік ел мұрасын сақтауға бағытталған жалпымемлекеттік бағдарламалардың сұраныстарымен тығыз байланысты, сондай-ақ «Мәдени мұра» мен «100 оқулық», көптілді білім беру бағдарламаларының ғылыми-практикалық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шараларды жүзеге асыру мақсаттарындағы талаптардың сұраныстарына жауап береді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерін» 9-10 тармақтарында көрсетілген талаптар деңгейінде жүзеге асырылған және осы талаптарға толық жауап береді. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан тұрады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Абайдың метафоралық жүйесінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда берілу тәсілдерін анықтау.

Ізденуші тарапынан төмендегідей ғылыми нәтижелер ұсынылған: а) Абай шығармаларындағы метафоралардың түрлері; ә) олардың аудармада берілу ерекшеліктері; б) Абай метафораларын орыс және ағылшын тілдеріне аударудың негізгі әдістері.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Осы мақсатқа байланысты ізденуші негізгі үш ғылыми нәтижеге қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтиже. Метафора категориясының барлық дерлік айырым белгілері философия, әдебиеттану, тілтаным, логика, психология ғылымдарының аспектілерінде жете талданған. Проблемаға алдымен осылайша келудің маңыздылығы бар.

Метафора – қай тілде де болмасын, күрделі құбылыс, оның ішінде қазақ тілінің образды, эмоциялы, астарлы сөз байлығының басты көрсеткіштерінің бірі. Кезінде А. Байтұрсынұлы қазақ тілі – көрнекті тіл, оның көрнекілігі

көрнектеу, меңзеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу (лептеу), қайталақтау, шендестіру тәрізді түрлі әдістермен жүзеге асады деп көрсеткен болатын. Қазірге дейін метафораның табиғаты әдебиетте образдылықтың көзі, ал тілтанымда құрылымдық ыңғайда қарастырылып келді. метафора – көркемдеуіш құрал, поэтикалық мәтіннің конструктивті бірлігі, алайда оның пайда болуы ұқсас құбылыстарды алмастыру ғана емес. Қазақ тіліндегі метафоралардың жасалуы – қазақ ұлтының әлем жайлы менталды түсінігі, қоршаған ортадағы барлық дерлік заттар мен ұғым-құбылыстардың өзара ортақ белгілерін, бір жағынан, конструктивті түрде, екіншіден, қиял күшімен ұқсастыруға байланысты, осы арқылы жаңа ұғым қалыптасады. Метафораның пайда болуы кейде қалыпты ойлау стандартынан шығып кетуі де мүмкін. Қалай болғанда да, танымдық үдерістің бір түрі ретінде метафора қоршаған орта туралы жаңа білім береді, сөйтіп, санаға әсер ете отырып, санада орнығады. Зерттеушінің метафораның барлық табиғатына жан-жақты үңілу арқылы қол жеткізгені және жұмыстың маңызды жағы – негізгі нысананы ұлттық ойсананың жемісі, концепті тұрғысынан қарастыруы, негіздеуі деп санаймыз. Зерттеудің шынайылық дәрежесі мынада: зерттеуші әлемдік ғылымдағы, қазақ мәдениетіндегі философиядан бастап логикаға дейінгі барлық дерлік зерттеулердегі тұжырымдарды ұштастыра отырып, дөп басып атамағанымен, ұлттық сипаттар Абай поэзиясында аса күшті, ақын шығармалары рухани-философиялық сипатта, әлемнің тілдік бейнесін танытатын концептілер мол. «Метафора екі түрлі құбылыс арасындағы «концептуалдық ұқсастық» негізінде пайда болады. Метафора біздің әлемді қалай қабылдап, оны қалай түсінгеніміздің айғағы» деген қорытынды жасайды. Жалпы алғанда, метафораға қатысты барлық пікірлерді қорыта келе, ізденуші метафора – жай ғана құрылым, сөз тіркесі емес, ол әлемнің тілдік бейнесінің бір көрінісі деп бағалайды және осы тұжырымын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Екінші ғылыми нәтиже. Абай поэзиясындағы метафоралардың аударылу ерекшеліктерін талдау мақсатында ізденуші тарапынан аударма ісіне және аударманың нәтижесіне қатысты мәселелер толық талданған. Қазақ мәдениетінде өзге тілден қазақ тіліне аударудың және қазақ тілінен еуропалық тілдерге, шығыс тілдеріне аударудың практикалық қоры мол екендігі белгілі. Осындай мол мұра қазірге дейін негізінен әдебиеттану аспектісінде көбірек қарастырылып келеді, ал тәржіманың лингвистикалық теориясы мен әдіснамасы туралы жұмыстар қатары аз. Осы тұрғыдан қарағанда, зерттеуші ең алдымен аударманың қатысты әлемдік ғылымда тұжырымдалған барлық пікірлерді жинақтаған. Шынында да әлемдік лингвистикада бұл мәселеге қатысты іргелі еңбектер жеткілікті. Алайда барлық дерлік еңбектерде типологиялық құрылымы жақын тілдердің арасындағы аударма үдерісі мен аударма нәтижесі қарастырылады. Нақты айтқанда, орыс тілінен қазақ тіліне аударудың ең басты проблемасы – типологиялық құрылымы әртүрлі осы екі тілдің арасындағы процестің әдіс-тәсілдері де, нәтижелері де зерттелмеген. Бұның басты себебі – аударма ісін қарастыратын маман орыс және қазақ

тілдерінің типологиялық лексика-семантикалық құрылымын, сөз мағынасының ерекшеліктерін жетік білуі қажет. Әлемдік лингвистикада аударудың тәсілдері ретінде сәйкестіктер, трансформация, калька, түсіндірмелі аударма, компенсация, конкретизация сияқты әдістер аталады. Зерттеуші осы аталғандардың барлығының анықтамасын зерделеген және өз тарапынан баламалық, барабарлық, реметафоралау, деметафоралау, жалпыландыру, бөлшектеу сияқты тәсілдерді анықтайды. Осы тұрғыдан келгенде, жұмыстың мазмұны лингвистикалық аударма саласының көптеген аспектілерін нақтылай түсуге үлес қосады. Бұл мәселелердің негізделуі жағынан шынайылық дәрежесі жоғары.

Үшінші ғылыми нәтиже. Жоғарыда аталған алғашқы екі ғылыми нәтижеге тікелей тығыз байланысты және зерттеу жұмысының негізгі нысанасынан туындайтын ең маңызды нәтиже – Абай поэзиясының басқа тілдерге аударылуының салыстырылуынан алынған қорытындылар. Бұл проблемаға зерттеуші екі тұрғыдан келеді. Алдымен ақын шығармаларындағы тілдік және авторлық метафоралардың түрлері (эпитет метафора, шендестіру, жай немесе күрделі метафора) анықталады және Абайдың өз қаламынан жасалған авторлық метафоралардың мазмұны ашылады. Бұл ретте дәстүрлі тұрақты метафоралардан гөрі авторлық метафоралардың (мысалы, *қызыл тілім буынсыз, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, көңіл құсы*) жинақталуы маңызды. Өйткені дәстүрлі метафоралардың негізгі үлгілері лексикографиялық еңбектерде тіркеледі, ал ақынның өз қаламынан туған образды тіркестер семантикалық үйлесім жағынан да, аударылуы жағынан да лингвомәдени құзыреттің биік деңгейін талап етеді.

Сонымен қатар ақын шығармаларындағы дәстүрлі және индивидуалды метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларына салыстырмалы талдаулар жүргізілген. Зерттеуші бұл мақсатта қазірге дейінгі ақын шығармаларының аудармаларының барлығын әбден зерделеген, жұмысқа фактілік тұрғыдан негіз болған дереккөздің көлемі – 39 аударма. Жалпы алғанда, типологиялық құрылымы әртүрлі тілдерден аударма жасау, оның ішінде поэзияны тәржімалау өте қиын.

Қиындыққа қатысты екі мәселеге қысқаша тоқталуға болады. Біріншіден, поэзия арқылы тұтастай образ жасалады, әрі поэзияда ұйқасты сақтау маңызды. Мәселен, «көзімнің қарасы» деген екі сөзден тұратын жолдың образын беру үшін «ты зрачок глаз моих» деген параллельде сөз саны да сақталмайды, бірақ аудармашы үшін ұйқас керек. Екіншіден, әсіресе орыс тіл білімінде аударманың лингвистикалық жағы тұжырымдалған зерттеулер мол. Алайда бұл еңбектерге негізінен еуропалық тілдердің фактілері алынады, түркітектес тілдер мен орыс тілінің арасындағы аударма ісіне қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Үшіншіден, тәржіма теориясы бойынша терминдер де көп, мәселен, орыс тіл білімінде бір ғана «сәйкестік» деген терминнің таралып кететін парадигмасы жетерлік. Қазақ ғылымында сәйкестік, деңгейлес аударма, сайма-сай аударма, баламалылық, барабарлық типтес аталымдар да бар. Төртіншіден, аударма ісіне қатысты бізде «сәтсіз / сәтті

аударма тұрғысында қарайтын бағалау стереотипі (стереотип мышления) қалыптасқан. Ізденуші салыстырмалы талдауға осы жағынан келеді, сөйтіп, түпнұсқаға тән экспрессия сақталмаған; түпнұсқаның парадигматикалық негізі жоғалған; шумақтың метафизикалық мағынасы сақталмаған; алынған тіркес образға сәйкес емес; Абайдың морфофоникасы берілмеген; аудармашы метафораның мағынасы мен қызметін түсінбеген; Абай сөзінің мағынасы өзгертілген; түпнұсқадағы метафора түсірілген; метафораның экспрессивті қызметі аудармада толықтай көрсетілмеген; авторлық метафораны бұлдірген. Осындай сыни бағалаудан гөрі көрсетілгендей ерекшеліктердің неліктен осылайша болғандығына назар аудара түсуі керек еді. Айталық, «Ақ тісің кір шалмас» – «Блеск зубов – словно лед»; «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» – «А для сородичей моих, их вещий смысл – лишь звук пустой»; «Өмірдің алды – ыстық, арты – суық» – «Лето жизни сменяется долгой зимой»; «Жүрегім менің қырық жамау – «Сердце мое – из сорока заплаток»; «Өткен өмір – қу соқпақ, қыдырады талайды» – «Тропинка узкая ведет, в долину прошлых лет»; Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Жизнь обирает нас день за днем – Где мечты твои? сияқты параллельдердегі айырмашылықтардың себептері неде және бұлар сайма-сайлық па, деңгейлестік пе немесе контекстуалды сәйкестіктер ме, барабарлық па, болмаса поэзияның басты шарттарын ұстанудан пайда болғандар ма дегендер анықтала түсуі керек еді деп ойлаймыз.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа; көркемдеуіш құрал ретіндегі метафораның ұлт өкілінің қоршаған ортамен қарым-қатынасын пайымдауынан туындайтын лексикалық-семантикалық кодтың концептуалды өзгерістері қазақ тілтанымындағы когнитивистік бағыт аясында бірінші рет анықталған және дәлелденген.

Екінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа; зерттеуші әлемдік әдебиеттану және лингвистика ғылымдарында барынша анықталған, дәлелденген аудару тәсілдері туралы тұжырымдардың негізгі түйінін толық меңгере отырып, өз тарапынан типологиялық құрылымы әртүрлі тілдердің арасындағы тәржіма үшін қажет боларлық аудару әдістерінің түрлерін толықтырған, әсіресе баламалылық пен барабарлықты ажыратқан.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; аса жоғары концептуалды философияға негізделген Абай поэзиясындағы дәстүрлі және авторлық метафоралардың басқа тілдерге аударылуына салыстырмалы талдау жасау бірінші рет жүзеге асырылған. Абайдың 176 өлеңінен 523 дәстүрлі метафора мен 524 авторлық метафора жинақталған, осы қор ағылшын тілін меңгертуге аса қажетті құрал ретіндегі үштілді түсіндірме сөздік жасауға негіз болады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысының мазмұны, сипаттамалар мен практикалық ұсыныстар қазақ поэтологиясының ерекшеліктерін тани түсуге, аударма ісіндегі түрлі интерпретациялар мен аудару тәсілдерінің лингвистикалық негіздерін анықтауға үлес қосады. Жинақталған тілдік фактілер және олардың үш тіл ыңғайында талдануы аударма бойынша курстарды жүргізуге, ағылшын тілін үйренудің әдіснамасы мен әдістемесіне практикалық тұрғыдан көмек жасайды; биылғы Абайдың 175 жылдығына арналған шаралар аясында ақын мұраларын таныту және насихаттау ісіне үлес қосады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндалған. Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, халықаралық конференцияларда 5 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарық көрген.

7. Диссертация мазмұнындағы және ресімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жұмыстың маңызды жақтары – метафораның концептуалды табиғатын дәлелдеуі, Абай метафораларын орыс және ағылшын тілдеріне аударылу тәсілдерін сипаттауы және жүйелеуі. Бұл мәселелер әдебиеттану мен қазақ тілтанымында алғаш рет ғылыми тұрғыдан жоғары деңгейде негізделген деуге болады.

Диссертациялық жұмыспен жан-жақты таныса келе, диссертант болашақтағы ізденістерінде зейін қояр деген мақсатта жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты төмендегі ұсыныстарды көрсетеміз.

1) Бірнеше тілдің фактілеріне салыстырмалы талдау жүргізу теориялық және практикалық жағынан тікелей тілге қатысты. Салыстыру арқылы ең алдымен тілдер арасындағы ұқсастық мен айырмашылықтар, универсалийлер мен уникалийлер, ұлттық специфика анықталады және тұжырымдар жасалады. Алайда диссертацияның елеулі бөлігі метафораның әдебиеттану, философия аспектілеріндегі сипаттамасын беруге арналған. Ал салыстырмалы талдау жүргізу үшін метафораның тілдік табиғатын зерделеу маңыздырақ болар еді.

2) Жоғарыда айтқанымыздай, поэзияны, оның ішінде Абай поэзиясын басқа тілдерге аудару – өте қиын проблемалардың бірі. Зерттеуші барлық дерлік аударма мәтіндерді салыстырады, бірақ салыстырудың негізгі қорытындысы сыни пікірлермен шектелген. Сөйтіп, метафораға метафора табу керек деген ұстанымды алға шығарады. Аудармашының біліктілігіне сын айту зерттеудің міндетіне енбейді. Талдаудың мақсаты – аударма үдерісінің

ерекшелігін, аударма мен түпнұсқаның айырмашылығын көрсету және айырмашылықтардың болу себептерін тілдің тұрғыдан анықтау болса керек.

3) Қазақ тілтанымында Абайдың сөз құдіреті туралы Қ. Жұбановтың, М. Әуезовтің еңбектерімен және академик Р. Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» атты іргелі зерттеуімен танысу керек еді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

«Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау» атты жұмыс – тақырыбы өзекті, ғылыми аппараты дұрыс, Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, тіл саясаты бойынша іс-шаралардың талаптарын қанағаттандыратын, тілтанымның көптеген салаларының, оның ішінде лингвистикалық аударматану, салыстырмалы тіл білімі салаларының және тілді оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасының одан әрі дамытылуына айтарлықтай үлес қоса алатын, толық аяқталған зерттеу; осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы – Жапарова Асемжан Жапарқызы 6D020700 – Аударма ісі мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.

Рецензент
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері
филология ғылымдарының докторы,
профессор **А. Алдаш**

6 қаңтар, 2020 жыл.

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институты
кадр бөлімінің инспекторы
«6» I 2020 ж.